

Л. Тылл¹, Б.С. Есенгельдин², Г.М. Мухамедиева²

¹Экономиканың жоғарғы мектебі, Прага, Чех Республикасы;
²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: yessen_baur@inbox.ru)

Әлеуметтік инфрақұрылымның тұрақты даму механизмдері

Мақалада мемлекеттің әлеуметтік саласының құрамдас бөлігі болып табылатын әлеуметтік инфрақұрылым дамуының теориялық негіздері зерттелген. Авторлар әлеуметтік инфрақұрылым қызметтерін топтастырған. Әлеуметтік инфрақұрылымның тұрақты дамуын қоғамның экономикалық заңдылықтарына, әлеуметтік үдерістерге және адам өмірінің нақты жағдайына орай қарастырған. Елдің әлеуметтік инфрақұрылымының тұрақты даму механизмінің теориялық-әдістемелік және әдістемелі-тәжірибелік негіздері ашылған. Сонымен қатар әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі бағыттары және оның тұрғындардың өмір сүру сапасын жетілдіруге әсері анықталған.

Кілт сөздер: инфрақұрылым, әлеуметтік инфрақұрылым, механизм, тұрғындар, тұрақты даму, біліктілік деңгейі, іскерлік орта.

Қазіргі заман жағдайында әлеуметтік инфрақұрылым қоғамның экономикалық және әлеуметтік тиімділігінің маңызды факторы, адамның ұтымды өмір сүруі үшін материалдық мүмкіндіктерді қолдануының тереңдігі мен кеңдігінің көрсеткіші, сонымен қатар мемлекет экономикасының әлеуметтік бағдарлану деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Заманауи Қазақстан қоғамының алдында экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани дамудың алуан түрлі міндеттері түбегейлі тұр. Экономика мен рухани өмірдің жан-жақты тығыз байланысы толық көлемде көрінеді. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында адами факторды ескерудің қажеттілігі арта түсуде. Сондықтан қоғам өмірінің кез келген жағын қарастырғанда әлеуметтік даму сұрақтары шешуші орында болады. Мамандардың біліктілік деңгейі, іскерлік, шығармашылық орта және жағымды әлеуметтік-психологиялық табиғаты, адамдардың тұрмыстық жағдайына көңіл бөлу, мәдени мекемелер мен спорт кешендерін құру – осының барлығы адам өмірін қызықты әрі мәнді етеді және оның жұмыс нәтижелеріне жағымды әсерін тигізеді. Экономикалық және әлеуметтік факторлардың өзара әсерлерінің мәселелері әрдайым назарда болған. Солардың ішінде «инфрақұрылым» мәселелері ерекше орын алады.

Әлеуметтік бағдарланған экономикаға көшу қоғамдық дамудың объективті заңдылықтарының мәнін толығырақ түсінуді және осы ілімдерді жаңа қоғамды қалыптастыру кезінде қолдануды қажет етеді. Қазіргі заманғы Қазақстан қоғамының алдында экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани дамудың алуан түрлі міндеттері түбегейлі тұр. Бұл әлеуметтік үрдістерді басқару теориясын тереңдетуді, қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларының мақсатты және жоспарлы даму нысандары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді.

Қазіргі уақытта «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған құжат деп айтуымызға болады. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты — Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық өрлеуін қамтамасыз ету мақсатында хаб қағидатында тиімді инфрақұрылым құру негізінде елдің макроөңірлерін ықпалдастыру арқылы бірыңғай экономикалық нарық қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттері қарастырылған:

- шұғыла қағидаты бойынша тиімді көліктік-логистикалық инфрақұрылым құру;
- индустриялық инфрақұрылымды және туристік инфрақұрылымды дамыту;
- бірыңғай электр энергетикалық жүйе шеңберінде энергетикалық инфрақұрылымды нығайту;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын және жылумен, сумен жабдықтау мен су бұру желілерін жаңғырту;
- азаматтар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру;
- білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту;
- кәсіпкерлік субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру [1].

Өзінің экономикалық мәні бойынша әлеуметтік инфрақұрылым, бір жағынан, мемлекеттің (қоғамның) әлеуметтік саласының бір бөлігі болып табылады. Екінші жағынан, нарық

қатысушыларының арасындағы шаруашылық-қаржылық қатынастарға енуі көзқарасына байланысты, ол әлеуметтік маңызды тауарлар мен қызметтерді өндіру саласы ретінде тұтас экономикалық инфрақұрылымның бір бөлігі болып табылады.

Осыған байланысты, басқа әлеуметтік институттар орындай алмайтын әлеуметтік инфрақұрылымның өзіне ғана тән айрықша қызметтерін зерттеу міндеті тұр.

Әлеуметтік инфрақұрылым қызметтерін саралау барысында әлеуметтік инфрақұрылымның дамуымен тікелей байланысты нақты үдерістерді зерделеуге бет бұрдық (кестені қара).

К е с т е

Әлеуметтік инфрақұрылымның қызметтері

Р/с №	Қызметтер	Үдерістер
1	Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу, біліктілік алу, қайта біліктіліктендіру	– ағартушылық; – білім беру
2	Жұмысқа қабілеттілік мерзімінің ұзақтығын арттыру	– денсаулық сақтау
3	Жұмыс күні ішінде еңбек өнімділігінің төмендеуіне жол бермеу	– қоғамдық тамақтану; – жолаушылар көлігі
4	Жұмыскерлердің демалысына жағдай жасау, олардың мәдени деңгейін жоғарылату	– тұрмыс шаруашылығы; – мәдениет, өнер

Ескерту. Авторлармен әзірленген.

Әрі қарай кез келген институт қызметінің мәселесі оның қандай мақсатпен құрылғанына және қоғамдық дамуға қалай әсер ететініне байланысты. Сондықтан үлкен теориялық және практикалық мәні бар инфрақұрылымның мақсатты қызметтері туралы сұрақты көтерген дұрыс болар.

Қоғамдық дамуды оңтайландыру міндеттерінің табысты шешілуі, ғылыми-техникалық революция жетістіктерінің жүзеге асырылуы, қазіргі заманғы қоғамның ресурстарының және әлеуметтік мүмкіндіктерінің тиімді қолданылуы, көп жағдайда, мақсаттың қалай қойылғанына, оған жету жолдары мен мүмкіндіктері қаншалықты нақты белгіленгеніне байланысты болады.

Әлеуметтік инфрақұрылым – экономика салалары, секторлары және халыққа қызмет көрсету мен рухани пайда беру бойынша іс-әрекеттер жиынтығы. «Әлеуметтік инфрақұрылым» ұғымы экономикалық әдебиетте кейіннен қолданыла бастады. Оны халыққа қызмет көрсету саласы ретінде қарастырады [2].

Ж.Т. Тошкеноның ойынша [3], әлеуметтік инфрақұрылым — әлеуметтік субъект (тұлға, топ, класс, қоғам) байланысатын және оның еңбек, қоғамдық-саяси, мәдени және отбасылық-тұрмыстық іс-әрекеттерін тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайтын материалдық элементтер жиынтығы. А.П. Леоновтың көзқарасы [4] сәл ерекшеленеді, оның пікірінше, әлеуметтік инфрақұрылым — халықтың тіршілік етуі мен көбеюіне, оның материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасайтын элементтер мен объектілер кешені.

Әлеуметтік инфрақұрылым — бұл әлеуметтік саланың қызмет етуі мен дамуына жалпы жағдайларды қамтамасыз ететін элементтер кешені. Оған денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, дене шынықтыру, спорт және туризм, тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық, тұрғын үй құрылысы және тағы басқа салалар жатады. Олар өз кезегінде халықтың мәдени, білім, медициналық, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын әртүрлі меншік нысандағы кәсіпорындар мен мекемелерді құрады. Әлеуметтік инфрақұрылым адамның қалыптасуына, оның рухани әлеміне, мәдениетіне, өмір салтына, денсаулықты сақтау мен нығайтуға үлкен әсерін тигізеді. Әлеуметтік инфрақұрылымның жағдайы мен даму деңгейі халық тіршілігінің деңгейі мен сапасын анықтайды. Сондықтанда әлеуметтік инфрақұрылымды мемлекеттік реттеуге әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеу мен жалпы экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесі ішінде басты орын беріледі [5].

Әлеуметтік инфрақұрылымды тұрғындардың өмір сүру сапасының факторы ретінде зерттеуде, оның жалпы өмір сүру сапасы жүйесінің ішкі факторын ескерген жөн. Берілген құбылыстардың арақатынасы өмір сүру сапасының ерекшеліктері мен көрсеткіштер жүйесіне негізделгенін көруге болады. Бұл жүйенің бірқатар сипаттамасын әлеуметтік инфрақұрылымға жатқызуға болады. Оған жататындар: тұрғын үймен және меншікпен қамтылуы; денсаулық сақтау, мәдени, демалыс, объектілерімен, инфрақұрылыммен (инженерлік құрылыстар мағынасы түсінігінде) қамтылуы; физикалық және мүліктік қауіпсіздік. Өмір сүру сапасының кейбір сипаттары әлеуметтік

инфрақұрылым жұмысының тікелей нәтижесі болмаса да, оның негізінде пайда болады: тұрғындардың ұдайы өндірісінің мәні, жанұялық, білім беру деңгейі, біліктілік, тұрғындардың денсаулығы.

Негізінен әлеуметтік инфрақұрылымның өзіндік мәні жағынан азаматтың ұдайы өндірістік аймағы екенін айта кеткен жөн. Сондықтан өмір сүру сапасының мынадай демографиялық факторларын айтуға болады: еңбек ресурстарының жағдайына, әр түрлі әлеуметтік топтардың санына, түрлі ұрпақ өкілдері арасындағы бәсекелестік деңгейіне әсер ететін тұрғындар санының, өмір сүру ұзақтығының мүмкіндігінің, жыныс пен жас құрамының өзгеруі.

Өмір сүру сапасының әлеуметтік және экономикалық факторларынан әлеуметтік инфрақұрылымның мәні ашылады. Мәселен, әлеуметтік инфрақұрылым объектілері шегінде тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуді өсіру экономикалық факторларға тәуелді: әлеуметтік сала мекемелерінің, ұйымдарының қаржылық мүмкіндіктеріне және халықтың (әр түрлі әлеуметтік қызметтер сатушыларының және тұтынушыларының) табыс деңгейіне. Анықталған аймақта орналасқан әлеуметтік инфрақұрылымның әрбір нысаны тұрғындарды қамтитын қызмет санын ескеруі қажет, ал қызметтер қабылданған стандарттарға (мысалы, тұрмыстық, білім беру және тағы басқалар), қолда бар қаржылық және материалдық-техникалық ресурстарға сәйкес болуы керек. Әлеуметтік инфрақұрылым өмір сүру қызметінің көптеген үдерістеріне қатыса отырып, оларды жайлы, ұтымды, тиімді етіп, халықтың өмір сүру сапасын жақсы жағына өзгертеді.

Халықтың өмір сүру сапасын өсірудің салдарын және көздерін тек экономикалық факторлармен анықтауға болмайды. Олар өте күрделі, көпсипатты және әрдайым қатаң түсіндірілуге келмейді. Әлеуметтік жағынан өмір сүру сапасына еңбек ету қызметіндегі әрбір еңбекке қабілетті тұлғаның өзін көрсете алу мүмкіндігі әсер етеді. Еңбек — адамзатпен пайда болатын ерекше әлеуметтік үдеріс. Еңбек қызметіне объективтік (еңбек ету ынтасы, еңбекақы мөлшері, еңбек жағдайы) және субъективтік (білім, дағдылар) факторлар әсер етеді. Кез келген тұлға өзін көрсете білетін және ол арқылы адамдық мүмкіндіктерін іске асыра алатын қызмет түрін табуы қажет.

Нақты әлеуметтік зерттеулерге негізделген ғылыми зерттеулерде өмір сүру сапасын жақсарту үшін әлеуметтік инфрақұрылымның маңыздылығы дәлелденген, бірақ олардың көпшілігі қала шеңберінде жүргізілді. Зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту өмір сүру сапасын жақсартуға байланысты әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеледі, оның ішінде еңбек өнімділігін арттырады, жұмыспен қамтуды ұлғайтады және халықтың бейәлеуметтік деңгейін азайтады, әлеуметтік шиеленісті төмендетеді, әлеуметтік төлемдерді көбейтеді.

Әлеуметтік инфрақұрылымды ұтымды дамыту – көпжақты мәселе, ол ғылыми басқарудың көптеген сұрақтарын шешуді талап етеді. Қоғамдық дамудың күрделенуі адам өмірінің жалпы жағдайының кешені жайындағы басқа көзқарасты талап етті. Жетілдіру үдерістері олардың маңыздылығын ғана емес, сонымен қатар барлық қажетті жағдайлар байланысының жүйелігін көрсетті.

Қоғамның жаңару үдерістерінен әлеуметтік инфрақұрылымның даму бағыттары анықталады. Әлеуметтік инфрақұрылымның көптеген бөлшектері басқару үдерісінде ескерілсе де, көптеген жылдар бойы оның рөлі бәсеңдеу болды және ол қоғам дамуының барлық сатыларында игерілген экономикалық жобалардың өндірістік әлеуетінің қызметі ретінде қолданылды.

Қазіргі уақытта әлеуметтік инфрақұрылым монокалалардың және ауылдық аумақтардың даму мәселелерін қарастыру кезінде маңызды орын алады. Бұл үдерістерді тиімді басқару адамдардың мінез-құлқының әлеуметтік негізін қалыптастыру ерекшелігін ескермей елестету мүмкін емес.

Әлеуметтік инфрақұрылымның нысандары қоғамдық өмірдің барлық салаларында адамның ұтымды қызметін қамтамасыз ететін жағдайлардың нақты элементтерінің тұрақты жиынтығын көрсететін ағымдағы нақты жағдайды сипаттайды. Әлеуметтік инфрақұрылым өндірістік ұйымдардың, еңбек ұжымының деңгейінде болуы мүмкін. Бұл жағдайда оның әлеуметтік инфрақұрылымының материалдық негізіне арнайы өндірістік үдеріске бағытталған ұйымның әлеуметтік қорлары жатады. Ғылыми әдебиеттерде ұсынылған көзқарас өзінің мәнін толығымен ашқан жоқ, дегенмен әлеуметтік инфрақұрылымның бұл деңгейі теориялық тұрғыда, тәжірибелік талдауда көңіл бөлуді талап етеді.

Әлеуметтік инфрақұрылымның тұрақты дамуы экономикалық заңдылықтарына, әлеуметтік үдерістерге, халық өмірінің нақты жағдайларына тәуелді. Бұл заңдылықтарды қолданудың басты рөлі ғылыми-тәжірибелік ілім мен қызметтердің арнайы құралдары болып табылатын әлеуметтік

инфрақұрылым қағидаттарының, әдістерінің, нысандардың және қаражаттардың жалпы жүйесіне жатады. Ғылыми тұрғыда әлеуметтік инфрақұрылым жүйесін екі жақты қарастыруға болады:

1) теориялық-әдістемелік және іргелі ғылым негізінде. Мұнда оның әдістемесі зерттеледі, заңдылықтары, қағидаттары, ұғымдар тізбегі қарастырылады;

2) қолданбалы, әлеуметтік-экономикалық, басқару ғылымы негізінде. Әлеуметтік-тәжірибелік шараларды шешуге арналған теориялық және эмпирикалық қосымшалар пайдаланылады.

Мемлекеттің әлеуметтік инфрақұрылымының тұрақты даму механизмінің әдістемелік-тәжірибелік және теориялық-әдістемелік негізі әлеуметтік, экономикалық, институционалдық, басқарушылық, ұйымдастырушылық және моральды-этикалық шешімдердің нәтижесінде қалыптасады, сондықтан бұл ретте әлеуметтік инфрақұрылымның тұрақты даму механизмі түсініктемесі түзіледі.

Әлеуметтік инфрақұрылымның тұрақты даму механимі қысқа мағынада – халықтың әл-ауқатын жақсартуға арналған салалық әлеуметтік инфрақұрылымның құрылуындағы тепе-теңдікті қалыптасып жұмыс істеуі.

Әлеуметтік инфрақұрылымның тұрақты даму механизмі кең мағынада — әлеуметтік инфрақұрылымның тиімділігін жоғарылату мақсатында қарастырылатын әлеуметтік-экономикалық, институционалдық, басқарушылық, ұйымдастырушылық және моральды-этикалық әдістердің, сонымен қатар көрсеткіштердің жиынтығы.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, ғылыми дәлелденген тұрақты әлеуметтік инфрақұрылым бұл қоғамдық қатынастарды және қоғамдық байланыстарды қалыптастыратын, жаңа қоғамдық әлеуметтік бағыттарды құратын және әлеуметтік қажеттіліктерді қамтамасыз ететін категория болып табылады. Осындай жүйе азаматтардың өмір сүру деңгейіне кепілдік беретін және келесі қағидалардың орындалуын: экономикалық тиімділіктің бірлігін, әлеуметтік әділдіктің, өзін-өзі қорғау жүйесін қарастырады.

Қоғамда қалыптасқан экономикалық құбылыс әлеуметтік инфрақұрылымның тұрақтылығын жоғарылату қажеттілігін, күрделі әлеуметтік мәселелердің шешілуін, әлеуметтік инфрақұрылымның тұрақты даму механизмдерінің жаңа тетіктерін, қаржылық және материалдық ресурстардың тиімді қолданылуын талап етеді.

Мемлекет қаржылық ресурстарды жинақтай және қайта бөле отырып, өз қызметін жүзеге асыруда әр түрлі заң қызметтерінің аясында ауылдың әлеуметтік ортасының дамуына, әлеуметтік құрылымдардың бәсекелестік жағдайына, әлеуметтік өмірдің деңгейіне, экономикалық белсенділіктің қызығушылығын артыруда, жергілікті және муниципалды білім жүйелерін жүзеге асыруда және бизнес ортасының құрылымына әсер етеді.

Әлеуметтік инфрақұрылымды жүзеге асыру механизмінің негізін ауылдық жерлерге ауыз су тарту, газ жүйесін қалыптастыру және құбырларын тарту, электр тораптарын өткізу, байланыс жүйелерін орналастыру, радиоқабылдағыштарды орналастыру, жол құрылыстарын жөндеу және тарту барысындағы республикалық мақсатты бағдарламалар құрайды, сонымен қатар әлеуметтік инженерлік инфрақұрылымды қамтамасыз етудегі қалпына келтіру жұмыстары жатқызылады.

Коммерциялық әлеуметтік құрылымдар бүгінгі таңда келесі кедергілерге тап болады: толық түрдегі құқықтық базаның жетіспеушілігі, шағын бизнесті қолдауға арналған ұйымдастыру шаралардың күрделілігі, салық жүйесінің жетіспеушілігі, тұрақсыздық мен анықтылықтың байқалуы, әлеуметтік қызмет өндірісінде жеке капиталдың қызығушылығының болмауы. Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының дамуының тиімділігін жоғарлату өз кезегінде ұйымдастырылған-басқару бағыттары мен экономикалық механизмдерді реформалауды қарастырады, яғни бұрынғы жүйе мемлекеттік қаржыландыру мен мемлекеттік қаржылардың тиімді бөлінуіне бағытталған болатын. Әлеуметтік инфрақұрылымның шаруашылық және экономикалық жақтарын қатаң түрде талдауда директивті көрсеткіштер, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, шикізат көздерінің тапшылығы, қосалқы бөлшектерді жабдықтауда, қондырғыларды жеткізуде, өндірістің қуаттылығын есептеуде маркетингтік құралдар көбінесе есепке алынбайды.

Сондықтан маркетинг әлеуметтік инфрақұрылымды ұйымдастырудағы шаруашылық механизмнің бөлімі ретінде қарастырылғандықтан, маркетингтік стратегияны осы қызмет түрінде қолдану қоғамдағы қылмыстық топтардың болуымен, көлеңкелі экономиканың жолдарының тым ұлғайып кетуімен, кейбір салалардағы бәсекелестіктің төмен болуымен, табиғи монополиялардың болуына байланысты оларды жүзеге асыру қиынға түсіп отыр.

Күрделі құрылымдарға сәйкес, оның ішінде ұйымдардағы маркетингтің әлеуметтік-жауапкершілігінің концепциясының күрделі құрылымына байланысты, тұтынушылардың әлеуметтік қызмет түрлеріне байланысты өзгеруі қоғамда бірегей әлеуметтік мәнділікті қарастырмайды.

Әлеуметтік инфрақұрылымның даму тенденциялары мен мәселелерін бағалауда әлеуметтік қызмет нарығының келесі ерекшеліктерін қарастырамыз:

- ауыл шаруашылық өндірушілерінің және төлем қабілеттіліктері жоғары үй шаруашылығының сұранысқа деген қызығушылығын анықтау;
- ауылдық жерлердегі әлеуметтік кепілдіктің міндетті болмауы;
- әлеуметтік қызмет нарығындағы тұтынушылардың қорғалмауы;
- мемлекеттің әлеуметтік қызметтерінің орындалмауы – фискалдық және реттеуші.

«Әлеуметтік инфрақұрылым» категориясының анықтамасын зерделей отырып, біз ол ұғымға өзіндік анықтама беруді ұйғардық. *Әлеуметтік инфрақұрылым* деп азаматтардың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, түрлі мүмкіндіктерге сәйкес ұлттық экономикадағы өз орнын анықтайтын көп деңгейлі жүйеде жұмыспен қамту мен экономикалық өсу әлеуетін қалыптастыру үшін, әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға, азаматтардың табыстары мен тұрмыс деңгейін қолдауға байланысты ресурстарды тиімді қолдану бойынша азаматтар арасындағы қатынастар жүйесін айтамыз. *Әлеуметтік инфрақұрылымның тұрақты даму механизмі* дегеніміз — әлеуметтік инфрақұрылымның тиімділігін жоғарылату мақсатында әлеуметтік-экономикалық, институционалдық, басқару, ұйымдастыру және этикалық үдерістерге әсер ететін әдістердің, көрсеткіштердің және ынталардың жиынтығы.

Әлеуметтік инфрақұрылым объектілері құрылуының негізгі мақсаты адамның тұрмыстық, рухани және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, оның толықтай және жан-жақты дамуын зерттеу болып табылады.

Қазіргі уақытта әлеуметтік инфрақұрылым салаларын дамыту тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, салауатты, шығармашылық белсенді ұрпақтың қалыптасуы мен өсіміне, олардың әлауқаты мен ұзақ өмір сүру деңгейін өсіруге бағытталған әлеуметтік саясаттың негізгі шараларын ескереді. Бұл мәселелер тұрғын үй мәселесін шешуге және жоғары сапалы тұрғын үйге деген халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған. Сонымен қатар әлеуметтік инфрақұрылымның даму деңгейі мен сапасын өсіру тұрғындардың қызметінің мәдени аймағын қалыптастыру, өмірі мен шығармашылығының экологиялық жағдайларын жақсарту, тауарлар мен қызметтер көлемінің өсуін және өнімділігін арттыру үшін негіз ретінде өз қызметкерлерінің кәсіби деңгейін жоғарлату, жастар мен ересектер, соның ішінде халықтың барлық топтарының, әлеуметтік қорғау кепілдіктерін құру, халықтың төлем қабілеттілігі артуына байланысты тауарлар мен қызметтерге деген қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қолданылады.

Сонымен, әлеуметтік инфрақұрылымның дамуын реттеудің тиімділігін өсіру келесідей мүмкіндіктер береді:

- әлеуметтік қамту жүйесінің нәтижелігін өсіреді;
- тұрғындардың әлеуметтік маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру сұрақтарын жүргізу мен басқару үшін, мемлекеттік басқару органдарының құқығы мен міндеттерін қамтиды, олардың жұмыс нәтижелерін ұлғайтады;
- бизнес өкілдерін әлеуметтік инфрақұрылымның даму үдерісіне енгізеді;
- тұрғындар алдындағы әлеуметтік кепілдемелердің орындалуын қамтиды;
- жоғары өндірістік және ғылыми еңбектің өсуіне қажетті жағдайлар жасайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылдың 6 сәуіріндегі № 1030 Жарлығымен бекітілген. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.egov.kz
- 2 Синельников А.Г. Социальная инфраструктура: вопросы теории и практики. — СПб., 2003.
- 3 Тощенко Ж.Т. Социология. Общий курс. — М.: Прометей; Юрайт-М, 2001. — 511 с.
- 4 Леонов А.П. К вопросу о понятии «социальная инфраструктура». — Харьков: Высш. шк., 1985. — С. 73–79.
- 5 Есенгельдин Б.С., Мурзатаева Г.К., Сейталинова А.С. Государственное финансовое регулирование социальной инфраструктуры в Республике Казахстан // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Экономика. — 2013. — № 4. — С. 141–147.

Л. Тылл, Б.С. Есенгельдин, Г.М. Мухамедиева

Механизмы устойчивого развития социальной инфраструктуры

Исследованы теоретические основы развития социальной инфраструктуры, которая является составной частью социальной сферы государства. Сгруппированы функции социальной инфраструктуры, рассмотрено ее устойчивое развитие в зависимости от экономических закономерностей общества, социальных процессов и конкретных условий жизни населения. Раскрыты теоретико-методологические и методико-практические основы механизма устойчивого развития социальной инфраструктуры страны. Определены ее основные направления развития и влияние на совершенствование качества жизни населения.

L. Tyll, B.S. Yessengeldin, G.M. Mukhamediyeva

Sustainable Development Mechanisms of social infrastructure

The article discusses the theoretical foundations of the social infrastructure, which is part of the of the social sphere of the state. The authors grouped the social infrastructure function. The authors of the article explored sustainable development of social infrastructure, depending on the economic laws of society, social processes and the specific conditions of the population. The authors have disclosed theoretical-methodological and methodical and practical bases of the mechanism of the social infrastructure for sustainable development of the country. In the article the basic directions of development of social infrastructure and its impact on improving the quality of life.

References

- 1 The state program of infrastructure development «Nurly Zhol» on 2015–2019 years. Approved by Decree of the President of the Republic of Kazakhstan from April, 6, 2015, No. 1030, [ER]. Access mode: www.egov.kz
- 2 Sinelnikov A.G. *Social Infrastructure: theory and practice questions*, Saint Petersburg, 2003.
- 3 Toshchenko Zh.T. *Sociology. General Course*, Moscow: Prometheus, Yurayt-M, 2001, 511 p.
- 4 Leonov A.P. *To a question about the concept of «social infrastructure»*, Kharkov: Vysshaya shkola, 1985, p. 73–79.
- 5 Yessengeldin B.S., Murzatayeva G.K., Seitalinova A.S. *Bulletin of the Karaganda University, Ser. Economy*, 2013, 4, p. 141–147.